

Қостанай таңы

e-mail: kostanaytany@mail.ru

www.kostanaytany.kz

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Ұлттар достығын паш етті

Аманкелді орта мектебінің жанындағы "Айгөлек" тобы 1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күнін ерекше атап өтті. Мектебіміздің жанынан құрылған шағын орталықта 2-3 жастағы 25 тәрбиеленуші бар. Бөбектерге Болболсын Жақаева мен Бибігүл Каримова сынды білікті мамандар жетекшілік етеді. Мереке аясында жаңа технологиялық элементтер қолданылып, арнайы сабақтар өткізілді. Бөбекжай іші атаулы күнге сай айрықша безендірілді. Төрге "1-Мамыр", "Достық", "Бірлік", "Ынтымақ" сөздері көркем кестеленіп жазылып, ілінді. Түрлі-түсеті шарлар ілінді. Мерекелік кешке қатысушы балдырғандар Қазақстан картасына үлестірмелі материалдар – күн, көгершін, гүлді магниттік тақтаға жапсыру арқылы өз тілектерін білдірді.

Ел аумағында мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған "Ынтымағы жарасқан, туған өлкем – Қазақстан" атты іс-шарада кішкентай бүлдіршіндеріміз өз өнерлерін ортаға салды "Бірлік бар жерде – тірлік бар" дейді дана халқымыз. Бұл сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді.



Еліміз өркен жайып, өрбін шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін. Қазақ халқы өте қонақжай халық. Келген қонағын қуана-қуана қарсы алады.

Балаларымыз өзге ұлттар; өзбек, орыс, қазақ, грузин билерін барынша билеп өз өнерлерін көрсетті. Атап айтсақ: Боранбай Алмас, Токтар Айару, Саянқызы Кәусәр, Жақсылық Бақтылы, Болатбек Хамид, Фарифолла Дияз, Боранбай Әділ көрермендердің көзайымына айналды. Болашақта осы балаларымыздан зор үміт күтеміз. Мерекелік шараға қатыс-

қан ата-аналар мен тәрбиешілер, мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Мәлике Шәйкемелова апайлар өз тілектерін білдірді.

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік жиынды аяқтай келе, барлық өзге ұлттарды ортаға қазақтың "Қара жорға" биін билеуге шақырды.

Бибігүл КАРИМОВА,
Аманкелді орта мектебінің
"Айгөлек" тобының
тәрбиешісі.

Шеген ауылы.

ТЕРРОРИЗМ – КЕСАПАТ

Салдарын жойғанша, алдын алған жөн

Терроризм – қазіргі жаһанданушы заман қатерлерінің бірі, ол өзінің формалары мен көріністерінің ауқымдылығы және жиілігінен, адамзатқа қарсылығы мен қаталдығы тұрғысынан әлемдік қауымдастық алдындағы түйткілді мәселеге айналды.

Конфессияаралық келісіміміз және қоғамдық-саяси тұрақтылығымыз – еліміздің басты құндылығы. Бүгінгі жастар біздің ертеңгі болашағымыз, сол үшін олардың түрлі радикалдық қозғалыстарға қарсылығын жан-жақты дамыту, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру қажет.

Мамандардың айтуынша, діни экстремизм және терроризмнің бағыттарына психикалық тұрғысы әлі қалыптаспаған оқушылар бейім екен. Сондықтан да, біздің міндетіміз – жастарымызды экстремизм мен лаңкестіктен бойын алшақ ұстауға дағдыландыру, кез-келген жағымсыз іс-әрекеттерге тойтарыс беруге тәрбиелеу болып табылады.

2018 жылдың 23 сәуірі мен 4 мамыры аралығында Қостанай облысы мектептері директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен педагогтары арасында "Өрлеу" БАҰО АҚФ білім беру жүйесінің басшы және

ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институтының аға оқытушысы Байболова Гүлжанат Габдулахметқызы "Мектеп оқушыларының арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алуды басқаруда құзыреттілік тәсіл" тақырыбында екі апталық курс өткізді.

Курс барысында елімізде, әсіресе, жастар арасында кеңінен қанат жайған дінге қатысты қазіргі таңдағы өзекті мәселелер қарастырылды. Дін атын жамылған діни ұйымдардың қоғамға тудыратын қауіп-қатері мен зияны талқыланып, ғасырлар бойы үзілмей жалғасын тауып келе жатқан ата-бабамыз ұстанған дініміз бен дәстүрімізден ауытқымай, керісінше тереңнен зер сала назар аудару қажеттілігі зерделенді. Діни теріс идеология бүгінгі күні ғаламтордың торынан арыла алмайтын жас ұрпақ арасында тез тарап келе жатқандығын айта келе, оқушылар арасында өткізілетін "Дінтану" пәнінің маңыздылығы талқыланды.

Айткүл СЕЙТҚАЛИЕВА,
Әулікөл ауданы,
№28 Құсмурын орта
мектебінің тарих пәні
мұғалімі.